Қосымша
Қарағанды облысы әкімдігінің
2026 жылғы «15» қыркүйектегі
№ 64/01 қаулысына

2027-2029 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ БОЛЖАМЫ

Қарағанды қ. - 2026 жыл

М А З М Ұ Н Ы

КІРІСПЕ

1. Облыстың әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары.

1.1. Қарағанды облысының 2025 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуы.

1.2. Реализация основных направлений налогово-бюджетной политики за предыдущий год.

2. **Есептік қаржы жылында мақұлданған облыс деңгейіндегі Даму болжамының деректерімен салыстырғанда облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының есептік көрсеткіштерінмен айырмашылық параметрлері мен себептерін талдау.**

3. **Тенденции и основные направления социально-экономического развития области.**

3.1 2026 жылы облыс экономикасының дамуындағы ағымдағы динамика. Экономиканың дамуына сыртқы және ішкі жағдайлар.

3.2 2027–2029 жылдарға арналған облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары.

3.3 Экономикалық саясатты іске асырудың негізгі шаралары. Бюджет және салық саясаты.

3.4 Адам капиталының сапасын арттыру0.

3.5 Теңгерімді аймақтық даму.

4. **Облыстың әлеуметтік-экономикалық даму тәуекелдері.**

5. **Жоспарлы кезеңге арналған облыстың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың экономикалық өсу факторлары және әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің болжамы** *(әлеуметтік-экономикалық даму болжамы, оның ішінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму болжамы бөлімдерін әзірлеу мерзімдері мен құрылымы қағидаларына 1 және 2-нысандар бойынша бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 27 мамырдағы № 35)***.**

5.1. Прогноз развития отраслей экономики

5.2. Прогноз показателей социальной сферы.

6. **Облыс бюджетінің түсімдері мен шығыстарының болжамын қамтитын жоспарлы кезеңге арналған облыстың бюджеттік параметрлерінің болжамы**

6.1. Қарағанды облысы бюджетінің 2027-2029 жылдарға арналған бюджеттік параметрлерінің болжамы

6.2. Бюджетаралық қатынастар

6.3. Облыс бюджеті шығыстарының 2027-2029 жылдарда басымдықтары

6.4. Облыстың әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарын іске асыруға бағытталған шығыстардың жаңа бастамалары

6.5. 2026-2028 жылдарға арналған бюджеттік инвестициялық саясаттың *(оның ішінде бюджеттік инвестициялардың)* негізгі басымдықтары.

Кіріспе

Қарағанды облысының 2027–2029 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы *(бұдан әрі – Болжам)* Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 15 наурыздағы Бюджет кодексіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі – Премьер-Министрдің орынбасарының 2025 жылғы 27 мамырдағы №35 бұйрығымен бекітілген әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу мерзімдері мен бөлімдерінің құрылымы туралы қағидаларға сәйкес әзірленді.

Болжам стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы Жолдауын ескере отырып әзірленді. Онда үш жылдық кезеңге арналған облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының үрдістері, басымдықтары, нысаналы индикаторлары мен көрсеткіштері, сондай-ақ бюджеттік саясаттың негізгі бағыттары көрсетілген.

Болжамды қалыптастыру барысында Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының ресми статистикалық деректері пайдаланылды. Бұл ретте 2025 жылға арналған жекелеген көрсеткіштер бойынша айырмашылықтар болуы мүмкін, себебі болжамды әзірлеу кезінде олардың кейбірі бойынша түпкілікті емес, алдын ала деректер қолжетімді болды. Алдағы уақытта түпкілікті статистикалық деректер жарияланып, нақтылануына қарай көрсеткіштерге түзетулер енгізілуі мүмкін.

1. Облыстың әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары

1.1. 2025 жылдың әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары

Облыстың дамуының негізгі басымдықтары ретінде макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, технологиялық жаңғырту, бизнес ортасын кеңейту мен ынталандыру, адами капиталдың сапасын арттыру және мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруі болып айқындалды.

2025 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру және кәсіпорындардың тұрақты жұмысын қамтамасыз ету есебінен Қарағанды облысы экономикасында әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің серпіні қамтамасыз етілді.

2025 жылы жалпы өңірлік өнімнің *(бұдан әрі – ЖӨӨ)* көлемі 10,4 млрд теңгені құрап, 2024 жылмен салыстырғанда 3,7%-ға артты *(НКИ)*.

ЖӨӨ құрылымында негізгі үлесті тұрақты түрде өнеркәсіп саласы құрайды – 47,5%, сауда салаларының үлесі – 16,4%, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар – 7%, құрылыс – 5,9%, көлік және қоймалау – 4%, ауыл, орман және балық шаруашылығы – 3%.

Қарағанды облысы ЖӨӨ өндірісінде еліміздің жалпы ішкі өніміндегі үлес салмағы бойынша 4-ші орында.

Талдау кезеңінде облыстың елдің жалпы ішкі өніміне қосқан үлесі 6,5% болды. Бұл көрсеткіш бойынша Қарағанды облысы Алматы қаласынан *(22,7%)*, Астана қаласынан *(12,3%)*, және Атырау облысынан *(10,4%)* кейінгі орында орналасқан.

Қарағанды облысының оның өсуіне қосқан үлесі өңірлер арасындағы рейтингімен 0,25 п.а. н. құрап, өңірлер арасында 9-орында орналасты, ал нақты көлем индексі *(бұдан әрі – НКИ)* 103,7% деңгейінде *(2024 жылы – 108,8%)*.

Облыс халқының жан басына шаққандағы ЖӨӨ 9 153,2 мың теңгені құрады, республика өңірлері арасында Астана қаласынан кейінгі *(12 370,0 мың теңге)*, Ұлытау облысынан *(13 831,8 мың теңге)*, Алматы қаласынан *(15 601,1 мың теңге)* және Атырау облысынан *(23 332,0 мың теңге)* 5-ші орында орналасқан.

2025 жылғы қаңтар – желтоқсан айында облыстың ЖӨӨ - дегі **шағын және орта кәсіпкерліктің** *(бұдан әрі – ШОК)* үлесі 23,2%-ды немесе 2 555,9 млрд теңгені құрады *(2024 жылы – 1 977,7 млрд теңге, ЖӨӨ-дегі үлесі – 21,8%) (алдын ала мәліметтер бойынша)*.

ШОК субъектілерінің тауарлар (жұмыстар, қызметтер) өндіру көлемі 2025 жылғы қаңтар – желтоқсан айында 4 902,3 млрд теңгені құрады, бұл 2024 жылғы деңгейден 38,5%-ға жоғары *(2024 жылы – 3 538,3 млрд теңге) (алдын ала мәліметтер бойынша)*.

Шағын және орта бизнес саласында жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің санының өсуі жалғасуда. 2025 жылы олардың саны 102 712 бірлікті құрап, 2024 жылмен салыстырғанда 1 116 бірлікке немесе 1,1%-ға артты *(2024 жылы – 101 569 бірлік)*. ШОК құрамында жеке кәсіпкерлер басым және жұмыс істеп тұрған субъектілердің жалпы санының 73%-ын құрайды *(2024 жылы – 72%)*.

2025 жылы **өңірдің өнеркәсіптік өндіріс** көлемі 5 266,7 млрд теңгені *(2024 ж. – 4 113,7 млрд теңге)*, өнеркәсіп өндірісінің индексі – 105,5% құрады:

- тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу саласындағы өндіріс көлемі 1 075,2 млрд теңгені құрады, НКИ (нақты көлем индексі) –107,9%;
- өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі 3 812,7 млрд теңгені құрады, НКИ – 104,9%.

Өндіріс көлемінің тау-кен өндіру өнеркәсібінде – 83,4%-ға, фармацевтикалық өнім өндіруде – 35,7%-ға, резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіруде – 55,4%-ға, машина жасауда – 22,3%-ға, қара металлургияда – 6,4%-ға, негізгі бағалы және түсті металдарды өндіруде – 29,3%-ға, өзге де металл емес минералдық өнімдерді өндіруде – 18,3%-ға және химия өнеркәсібі өнімдерін өндіруде – 26,6%-ға өскені байқалады.

Экспортқа бағдарланған өңір болғандықтан, оның дамуына сыртқы факторлар елеулі әсер етеді.

2025 жылдың қорытындысы бойынша өңдеу өнеркәсібінің экспорты 2 436,1 млн АҚШ долларын құрады, бұл 2024 жылмен салыстырғанда 101,8% деңгейінде.

2025 жылы өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі бір жұмыспен қамтылған адамға 104,4 мың АҚШ долларын құрады немесе 111,6% *(ҚР бойынша – бір адамға 93,7 мың АҚШ доллары)*.

Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және кондицияланған ауамен жабдықтау саласындағы өндіріс көлемі 327,4 млрд теңгені құрады, нақты көлем индексі – 103%.

Сумен жабдықтау; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою жөніндегі қызмет салаларында нақты көлем индексі – 113,63% (51,4 млрд теңге) құрады.

Негізгі капиталға инвестициялар көлемі 1 444,7 млрд теңгені құрады. 2024 жылмен салыстырғанда (1 456,7 млрд теңге) 12,0 млрд теңгеге немесе 4,8%-ға төмендеу байқалады.

Негізгі капиталға инвестициялар көлемі 2026 жылы 1 898,7 млрд теңге сомасында жоспарлануда, 2025 жылғы деңгейге қарағанда 32,5%-ға ұлғаюы күтіледі, 2031 жылға қарай – 4 095,9 млрд теңге немесе 2026 жылы күтілетін деңгейге қарағанда 2 есеге өсуі болжануда.

Өнеркәсіпке инвестициялар көлемі 2026 жылы 1 044,3 млрд теңге сомасында жоспарлануда, 2025 жылғы деңгейге қарағанда 23,5%-ға өсуі күтіледі, 2031 жылға қарай – 2 457,5 млрд теңге, бұл 2026 жылы күтілетін деңгейге қарағанда 2,3 есеге ұлғаюды білдіреді.

Өңдеу өнеркәсібіне инвестициялар көлемі 2026 жылы 569,6 млрд теңге сомасында жоспарлануда, 2025 жылғы деңгейге қарағанда 28,1%-ға ұлғаюы күтіледі, 2031 жылға қарай – 1 228,8 млрд теңге, бұл 2026 жылы күтілетін деңгейге қарағанда 2,1 есеге ұлғаюды білдіреді.

Сонымен қатар Қарағанды облысының республика бойынша инвестициялардың жалпы көлеміндегі үлесі 6,1%-ды құрады, бұл өңірдегі инвестициялық белсенділіктің жоғары деңгейінің сақталғанын көрсетеді.

Өнеркәсіпке инвестициялар көлемі 845,3 млрд теңгені құрады, оның ішінде өңдеу өнеркәсібіне 444,6 млрд теңге инвестицияланды немесе 2024 жылғы деңгейдің 94,4%-ын құрады.

2025 жылы сыртқы инвестициялар көлемі 232,6 млрд теңгені құрады *(2024 ж. – 231,7 млрд теңге)*, инвестициялардың жалпы көлеміндегі үлесі 16%-ды құрады.

Қаржыландыру көздері бойынша инвестициялар құрылымында шаруашылық жүргізуші субъектілердің меншікті қаражаты – 63,7%, банктердің кредиттері және басқа да қарыз қаражаты – 23,1%, бюджеттік инвестициялар – 13,1% басым.

Инвестициялық тартымдылығы жоғары салалар қатарында өнеркәсіп – 58,5%, көлік және қоймалау – 16,7%, жылжымайтын мүлікпен операциялар – 9,4% қалып отыр.

Республикалық көлемдегі инвестициялардың үлесі бойынша Қарағанды облысы республика бойынша 5-орында, бұл көрсеткіш 2024 жылғы деңгеймен салыстырғанда **7,5%-дан 6,1%-ға дейін төмендеді** *(2024 ж. – 4-орын)*.

2025 жылдың қорытындысы бойынша 278,8 млрд теңге сомасына 28 инвестициялық жоба іске қосылып, 4 399 жаңа жұмыс орны құрылды.

Құрылыс жұмыстары 723,3 млрд теңге көлемінде орындалып, 2024 жылға қарағанда 7,8%-ға өсті *(2024 ж. – 671,2 млрд теңге)*. НКИ – 104,6%.

600 мың шаршы метр тұрғын үй немесе 6 000-нан астам пәтер пайдалануға берілді *(2025 ж. – 548 мың шаршы метр және 5 006 пәтер)*.

Тұрғын үй алуға кезектілік 2 457 адамға қысқарды. **2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша тұрғын үй алуға кезекте** 47 765 адам тұр *(2024 ж. – 33 407, 2025 ж. – 32 961 адам)*.

Әлеуметтік осал топтарға *және басқа да санаттарға* жататын 1 069 отбасы тұрғын үй жағдайларын жақсартуға қол жеткізді.

Қарағанды қаласында тұрғын үйдің 1 шаршы метрінің құны – 368,7 мың теңге.

Қалған қалалар мен аудандарда – 270-тен 316 мың теңгеге дейін *(1 шаршы метрге ШҚС – 319,8 мың теңге)*.

Тұрғын үй құрылысына салынған инвестициялардың негізгі көзі құрылыс салушылардың өз қаражаты болып қалуда – 97,1%, бюджет қаражатының үлесі – 2,9%.

Ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 519,8 млрд теңгені құрады. НКИ – 100,6% *(2024 ж. – 476,9 млрд теңге, НКИ – 116,7%)*.

Ауыл шаруашылығы өнімінің жартысынан астамы *(55%)* өсімдік шаруашылығы есебінен қамтамасыз етілді – 286,5 млрд теңге.

2025 жылдың қорытындысы бойынша дәнді және бұршақты дақылдардың жалпы түсімі 1 094,6 мың тоннаны құрады *(2024 ж. – 1 304,7 мың тонна)*, оның ішінде бидай – 968,5 мың тонна *(2024 ж. – 1 101,6 мың тонна)*.

Картоптың жалпы түсімі – 384,7 мың тонна немесе 3,2% *(2024 ж. – 372,9 мың тонна)*. Сонымен қатар, көкөністердің жалпы түсімінің 0,4%-ға өскені байқалады, ол 75,1 мың тоннаны құрады *(2024 ж. – 74,8 мың тонна)*.

Ауыл шаруашылығының жалпы өнім құрылымындағы мал шаруашылығының үлесі 44,8%-ды құрайды, саладағы жалпы өнім көлемі – 232 702,6 млн теңге, НКИ – 103,8% *(2024 ж. НКИ – 101,7%)*.

2025 жылдың қорытындысы бойынша ірі қара малдың саны 0,6%-ға қысқарып, 428,1 мың басты құрады *(2024 ж. – 430,8 мың бас)*. Сонымен қатар, жылқы саны 7,7%-ға өсіп, 399 мың басқа жетті *(2024 ж. – 370,4 мың бас)*, қой мен ешкі саны – 0,6%-ға, 688,4 мың басқа дейін *(2024 ж. – 684,6 мың бас)*, құс саны – 3,5%-ға, 3 585,9 мың басқа дейін өсті *(2024 ж. – 3 465 мың бас)*.

Сүт өндіру 3,1%-ға *(224,7 мың тоннаға дейін)*, ет өндіру 5,1%-ға *(105,3 мың тоннаға дейін)*, жұмыртқа өндіру 1,1%-ға *(634 млн данаға дейін)* өсті.

Жылдық **инфляция** көрсеткіші бойынша Қарағанды облысында 2025 жылғы желтоқсандағы инфляция республикалық орташа деңгейден (12,3%) жоғары қалыптасты.

2025 жылғы желтоқсанда тұтыну бағаларының индексі 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 113,1%-ды құрады, оның ішінде ақылы қызметтер бойынша – 114,3%, азық-түлікке жатпайтын тауарлар бойынша – 111,3%, азық-түлік тауарлары бойынша – 113,4%.

Инфляция деңгейіне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметтері тарифтерінің 7,2%-ға өсуі елеулі әсер етті, оның ішінде тұрғын үй-жайларды күтіп-ұстау және жөндеу (8,8%), суық су (15%) және ыстық су (1,8%), су бұру (10,2%), тарату желілері арқылы тасымалданатын газ (3,9%), қоқыс шығару (56,6%), сондай-ақ тұрғын үйді жалдау ақысының (9,5%), амбулаториялық

қызметтердің (19,5%), көлік қызметтерінің (10,6%), пошта қызметтерінің (15,9%), демалыс саласындағы қызметтердің (25,2%) және қоғамдық тамақтандыру қызметтерінің (22%) бағаларының өсуі әсер етті.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар тобында киім мен аяқ киім (9,6%), фармацевтикалық өнімдер (17,9%), жеке пайдалануға арналған тауарлар (7,5%), темекі өнімдері (13%), аудиовизуалдық жабдықтар мен фотожабдықтар, ақпаратты өңдеуге арналған жабдықтар (18,5%), жиһаз және үй шаруашылығына арналған заттар (11,4%), тұрмыстық аспаптар (13,2%) бағаларының өскені байқалады.

Азық-түлік тауарлары бойынша нан-тоқаш өнімдері мен жарма (5,1%), ет (22%), балық және теңіз өнімдері (18,2%), сүт өнімдері (8,6%), майлар мен тоңмайлар (16,1%), жемістер (12,2%), қант (6,6%) бағалары өсті.

Кәсіпкерлікті қолдаудың Бірыңғай кешенді бағдарламасы *(бұдан әрі – ШОК БКБ)* шеңберінде 2025 жылы кредиттер сомасы 21,7 млрд теңгені құрайтын 147 бизнес жобасы қаржыландырылды *(субсидиялау, кепілдік беру, гранттар)*.

Шағын және орта бизнесті қаржылық емес қолдау шараларымен 12,0 мың кәсіпкер қамтылды *(Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығының ақпараттық-консультациялық қызмет көрсету құралы бойынша ӨКП филиалдарында (Қарағанды қаласынан басқа аудандар мен қалалар) – 8 979, Қарағанды қаласындағы ККҚО-да бухгалтерлік және салықтық есеп жүргізуге байланысты қызметтер – 587, Қарағанды қаласындағы ККҚО-да бизнес-жоспар әзірлеу бойынша қызметтер – 554, өзіне-өзі қызмет көрсету аймағы – 1 920)*, «Бір ауыл – бір өнім» жобасы бойынша 3 жоба мақұлданды.

Сыртқы сауда айналымының көлемі 6 146,4 млн АҚШ долларын құрады, бұл 2024 жылғы деңгейден 8,7%-ға жоғары *(2024 ж. – 5 654,3 млн АҚШ доллары)*, оның ішінде тауар экспорты – 3 333,3 млн АҚШ доллары, өсім 7,4%, импорт – 2 813,1 млн АҚШ доллары, өсім 10,2%. Сыртқы сауда айналымының сальдосы оң қалыптасып, 520,2 млн АҚШ долларын құрады.

ЕАЭО елдерімен өзара сауда көлемі 2 829,3 млн АҚШ долларын құрады, бұл 2024 жылғы деңгейден 0,5%-ға төмен. Оның ішінде экспорт – 1 594,5 млн АҚШ доллары, 3,5%-ға төмендеді, импорт – 1 234,7 млн АҚШ доллары, 3,6%-ға өсті. Өзара сауда сальдосы оң – 359,8 млн АҚШ доллары.

Облыс әлемнің 107 елімен сыртқы экономикалық байланыстарды жүзеге асырады, оның ішінде өнім 59 елге экспортталып, 103 елден импортталды.

Бөлшек сауда көлемі 2025 жылы 1 858,6 млрд теңгені немесе 112,9%-ды құрады *(2024 жыл – 1 646,6 млрд теңге)*, көтерме тауар айналымының көлемі 2 940,1 млрд теңгені құрады *(2024 жыл – 2 909,3 млрд теңге)* немесе 2024 жылғы деңгейдің 101,1%-ын құрады.

Ішкі сауда көлемі 4 826,5 млрд теңгені құрады *(2024 ж. – 4 718,2 млрд теңге)* немесе 2024 жылға 97,1%.

Көлік қызметтерінің 2025 жылғы жалпы шығарылымы 588,9 млрд теңге деңгейінде қалыптасып, өткен жылдың сәйкес кезеңіне қарағанда 26,2%-ға өсті.

Жүк тасымалдау көлемі 108,9 млн тоннаны 140,8%-ды құрады, жүк айналымы – 37,6 млрд ткм *(106,2%)*.

137,4 млн жолаушы тасымалданды немесе 113,2%, жолаушылар айналымы 3 621,1 млн жкм *(128,6%)* құрады.

2025 жылы облыстың көлік инфрақұрылымын жақсарту мақсатында жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының 637 км учаскесін жөндеуге бюджет қаражаты бөлінді:

– республикалық маңызы бар автомобиль жолдары – 242 км (14 млрд теңге);

– облыстық маңызы бар автомобиль жолдары – 84 км (13,2 млрд теңге);

– жергілікті желі – 311 км (25,5 млрд теңге), оның ішінде «Ауыл – Ел бесігі» арнайы жобасы шеңберінде – 84 км (3,8 млрд теңге).

2025 жылы «Қарағанды – Балқаш» автомобиль жолын реконструкциялау және «Қарағанды – Қарқаралы» автомобиль жолының орташа жөндеуі (52,4 км) сияқты маңызды жобалар аяқталды.

Нормативтік жағдайдағы жолдардың үлесі 95%-ға жеткізілді.

2025 жылы ***байланыс*** қызметтерінің көлемі 2024 жылмен салыстырғанда 28 098,1 млн теңгеге артты.. Нақты көлем индексі – 105,4%.

2025 жылдың қорытындысы бойынша байланыс саласында оң серпін байқалады. Интернет желілері арқылы деректерді беру қызметтерінің көлемі 24,5%-ға, кабельдік инфрақұрылым арқылы бағдарламаларды тарату қызметтері – 3,6%-ға, жабдықтарды жалға беру қызметтері – 1,6%-ға өсті.

Еңбек нарығында тұрақты жағдай сақталды.

2025 жылдың қорытындысы бойынша Қарағанды облысының жұмыс күші 535,0 мың адамды құрады, оның ішінде 513,4 мың адам экономикада жұмыспен қамтылды. Жұмыспен қамту деңгейі жұмыс күшінің санына шаққанда 96%-ды құрады.

Жұмыссыз халықтың саны 21,7 мың адамды құрады, жұмыссыздықтың жалпы деңгейі – 4% *(2024 ж. – 4,1%)*. Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 3,0%-ды, ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейі – 0,5%-ды құрады.

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша облыс халқының саны 1 131,4 мың адамды құрады *(республика халқының 5,5%-ы)*.

Халықтың көші-қон сальдосының теріс мәні сақталуда, 2025 жылдың қорытындысы бойынша ол 5,7 мың адамды құрады *(2024 ж. – 6,2 мың адам).* Негізгі көші-қон алмасуы бұрынғысынша ішкі көші-қонға тиесілі, оның теріс сальдосы 5,4 мың адамды құрады, бұл халықтың елдің басқа өңірлеріне көші-қон ағынының сақталғанын көрсетеді.

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жұмыспен қамту қызметтерінде 9 131 жұмыссыз азамат тіркелген *(2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша – 6 259)*.

17 988 жаңа жұмыс орны құрылды *(жоспар – 20 071)*, оның ішінде тұрақты жұмыс орындары – 16 711 *(жоспар – 16 282)*.

Еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптер мен дағдылар бойынша жұмысшы кадрларды қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға 506 адам жіберілді (жоспар – 481 адам).

178 грант берілді немесе жоспардың 100%-ы орындалды.

Бос жұмыс орындарына 7 063 адам жұмысқа орналастырылды *(жоспар – 22 095 адам)*, әлеуметтік жұмыс орындарына – 504 адам *(жоспар – 404 адам)*, жастар практикасына – 966 адам *(жоспар – 939 адам)*, қоғамдық жұмыстарға – 3 687 адам *(жоспар – 2 493 адам)*, алғашқы жұмыс орнына – 506 адам *(жоспар – 488 адам)*, «Ұрпақтар келісімшарты» жобасына – 25 адам (жоспар – 25 адам), «Күміс жас» жобасына – 1 471 адам *(жоспар – 1 296 адам)* жұмысқа орналастырылды.

2025 жылы атаулы әлеуметтік көмек 6 613 адамға 619 103,7 мың теңге сомасында төленді, МӘСҚ 1 987 алушыға 77 589,9 мың теңге сомасында берілді.

Жалпы, Қарағанды облысында 2025 жылғы орташа айлық атаулы жалақы 423,3 мың теңгені құрап, 2024 жылмен салыстырғанда 11,1%-ға өсті *(2024 ж. – 381,0 мың теңге)*. Орташа айлық жалақы деңгейі бойынша облыс Қазақстан Республикасының өңірлері арасында 6-орында, Маңғыстау облысынан *(623,1 мың теңге)*, Атырау облысынан *(613,1 мың теңге)*, Ұлытау облысынан *(602,9 мың теңге)*, Астана қаласынан *(594,2 мың теңге)* және Алматы қаласынан *(556,1 мың теңге)* кейін орналасқан.

Күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен табысы бар халықтың үлесі 3,2%-ды *(36 285 адам)* құрады және 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 12,3%-ға өсті *(2024 ж. – 32 315 адам, 2,8%)*.

Денсаулық сақтау саласында 2025 жылдың қорытындысы бойынша мынадай серпін байқалады:

– туберкулезбен сырқаттанушылық 10,3%-ға төмендеді *(100 мың халыққа шаққанда 35,0-ден 31,4-ке дейін)*;

– онкологиялық ауруларды ерте анықтау бойынша скринингтік тексерулермен қамту 101,3%-ды құрады;

– онкологиялық науқастардың 5 жылдық өмір сүру көрсеткіші 58,5%-дан 64,0%-ға дейін өсті;

– нәресте өлім-жітімі 41,9%-ға төмендеді *(1 000 тірі туған балаға шаққанда 6,2-ден 3,6 жағдайға дейін)*;

– ана өлімі жағдайды тіркелмеді *(2025 жылы ана өлімі жағдайлары тіркелген жоқ)*;

– жалпы өлім-жітім көрсеткіші 1,7%-ға төмендеді *(1 000 халыққа шаққанда 9,45-тен 9,29-ға дейін)*;

– қан айналымы жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітім 23,3%-ға төмендеді *(100 мың халыққа шаққанда 237,0-ден 181,7-ге дейін)*;

– қатерлі ісіктерден болатын өлім-жітім 14,1%-ға өсті *(100 мың халыққа шаққанда 77,76-дан 88,76-ға дейін)*.

Кадр тапшылығы өзекті мәселе болып қалуда.

Жыл қорытындысы бойынша медицина қызметкерлерінің тапшылығы 321 штаттық бірлікті құрайды, оның ішінде ауылдық жерлерде – 98 штаттық бірлік.

2025 жылы Нұра ауданында жас мамандарға арналған 14 пәтерлі тұрғын үй пайдалануға берілді.

Жас дәрігерлерге 203 қызметтік пәтер берілді *(Бұқар жырау ауданының Доскей кентіндегі 40 пәтерлі тұрғын үй, Қарағанды қаласындағы медицина қызметкерлеріне арналған 94 пәтерлі көппәтерлі тұрғын үй, сондай-ақ Балқаш қаласындағы 30 пәтерлі тұрғын үй, Теміртау қаласындағы жас мамандарға арналған 35 пәтер және Шет ауданындағы 4 пәтер)*.

Қарағанды облысында дәрігер-педиатрлармен қамтылу – 92%, дәрігер-неонатологтармен – 85%, анестезиолог-реаниматологтармен – 89%.

Медициналық жабдықтармен жарақтандырылудың жалпы деңгейі – 90%.

Денсаулық сақтау ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында 2025 жылы 824 бірлік медициналық жабдық сатып алуға 9 728,0 млн теңге бөлінді, оның ішінде:

– жалпы сипаттағы трансферттер есебінен – 3 522,8 млн теңге *(503 бірлік)*;

– «Ұлт саулығы» ұлттық жобасы шеңберінде – 1 362,0 млн теңге *(51 бірлік)*;

– облыстық бюджет қаражаты есебінен – 432,0 млн теңге *(259 бірлік)*;

– «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы шеңберінде Балқаш және Теміртау қалаларының ауданаралық ауруханаларын жарақтандыруға – 3 093,0 млн теңге *(6 бірлік)*;

– 2023–2027 жылдарға арналған онкологиялық аурулармен күресудің Кешенді жоспары шеңберінде – 1 318,0 млн теңге *(5 бірлік)*.

«Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы шеңберінде 2023–2025 жылдары облыста алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін 92 объектінің құрылысы аяқталды, оның ішінде 47 медициналық пункт, 34 фельдшерлік-акушерлік пункт және 11 дәрігерлік амбулатория.

Барлық объектілер пайдалануға берілді, медициналық қызметті жүзеге асыруға лицензиялар алды және халыққа алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсетуде.

Теміртау және Балқаш қалаларында ангиографиялық кешендерді орналастыруға арналған жапсаржайлардың құрылысы аяқталды. Қосымша 40-тан астам медицина қызметкерін, оның ішінде реабилитологтар, рентгенологтар, интервенциялық кардиологтар, терапевтер және нейрохирургтерді тарту жоспарлануда.

Білім беру саласында облыста 2 апатты мектеп жұмыс істейді, бұл орта білім беру ұйымдарының жалпы санының 0,4%-ын құрайды *(Бұқар жырау ауданының Новостройка кентіндегі С. Ельгезеков атындағы негізгі мектебі және Қарағанды қаласының №51 негізгі орта мектебі)*. 2025 жылғы қыркүйекте Қарқаралы ауданының Талды ауылында апатты мектептің орнына салынған 200 оқушы орнына арналған жаңа мектеп пайдалануға берілді. Апатты №44 мектептің орнына жаңа мектептің құрылысы жалғасуда, объектіні пайдалануға беру 2026 жылға жоспарланған. №51 мектеп бойынша жаңа ғимарат салу үшін

жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу және кейіннен мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алу жұмыстары жүргізілуде.

Үш ауысымды оқытуды жою мақсатында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы шеңберінде 2025 жылғы желтоқсанда Қарағанды қаласының «Гүлдер» шағынауданында 300 оқушы орнына арналған мектептің құрылысы аяқталды.

«Келешек мектептері» жобасы шеңберінде 6 мектептің құрылысы аяқталды. Сонымен қатар облыста 40–50 жылдан астам уақыт пайдаланылып келе жатқан мектеп ғимараттарын жаңартуды көздейтін білім беру ұйымдарын реновациялау бағдарламасы іске асырылуда.

Облыс аумағында 219 балабақша және 195 шағын орталық жұмыс істейді. Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен 2 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың 90,9%-ы және 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың 100%-ы қамтылған.

Бекітілген 2025 жылға арналған мектепке дейінгі ұйымдарды іске қосу және жаңа орындар құру жөніндегі қадамдық жоспар шеңберінде жалпы сипаттағы трансферттер есебінен 3,4 млрд теңге бөлінді. 2025 жылдың қорытындысы бойынша 4 890 жаңа орын құрылып, жоспар 100%-ға орындалды.

Жалпы, облыста 11 мыңнан астам бала қамтылған 111 жекеменшік мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді.

Орта білім беру жүйесінде 422 жалпы білім беретін мектеп жұмыс істейді *(382 – мемлекеттік жалпы білім беретін мектеп, 16 – жекеменшік мектеп, 10 – мамандандырылған мектеп және 10 – арнайы мектеп-интернат).*

Облыс мектептерінің компьютерлік паркі 45 мыңнан астам бірлікті құрайды. Қамтамасыз етілу деңгейі – 3,2 оқушыға 1 компьютерден, бұл Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің талаптарына сәйкес келеді. Жаңа модификациядағы кабинеттермен жарақтандырылу деңгейі 75%-ды құрайды.

102 елді мекенде мектептер жоқ, онда 1 170 оқушы тұрады. 987 бала үшін 84 көлік бірлігімен күнделікті тасымалдау ұйымдастырылған *(автобустар – 33, шағын автобустар – 19, басқа көлік – 32)*. 183 бала мектеп жанындағы интернаттарда тұрып, білім алады.

Облыс бойынша инклюзивті білім беруге жағдай жасалған: балабақшаларда – 89,6% *(135-тен 121)*, мектептерде – 96,7% *(393-тен 380)*, колледждерде – 93,9% *(33-тен 31)*. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар білім алатын барлық ұйымдарда тиісті жағдайлар жасалған.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының желісі 251 бірлікті құрайды *(білім беру жүйесінде – 46, спорт саласында – 35, мәдениет саласында – 30, жекеменшік – 140).*

2025 жылғы желтоқсанда Балқаш қаласында 600 орындық Балалар мен жасөспірімдердің техникалық шығармашылығы орталығы, сондай-ақ Қарағанды қаласында 200 орындық жас туристер станциясы ашылды.

2026–2030 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» тұжырымдамасы шеңберінде жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған

балаларды отбасылық орналастыру нысандарын дамыту жөніндегі іс-шараларды іске асыру жалғасады. 2025 жылы 44 бала патронат тәрбиешілердің отбасыларына орналастырылды.

Қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету мақсатында бүгінгі таңда облыстың барлық білім беру ұйымдарында аумақтық ішкі істер органдарының кезекші бөлімдеріне қосылған дауыстық хабарлау жүйелері мен дабыл түймелері орнатылған.

Барлық білім беру ұйымдары талаптарға сәйкес келетін бейнебақылау жүйесімен 100% қамтамасыз етілген.

Нақты персонал мен білім алушылар саны 700 адамнан асатын, сондай-ақ облыстық маңызы бар қалаларда орналасқан барлық білім беру ұйымдарында турникеттер орнатылып, күзет қызметтерін жүзеге асыруға тиісті лицензиясы бар мамандандырылған күзет агенттіктерімен шарттар жасалды.

Облыста техникалық және кәсіптік білім беру саласында 52 ұйым жұмыс істейді, оның ішінде 36-сы мемлекеттік және 16-сы жекеменшік. Кадрлар даярлау 126 мамандық және 178 біліктілік бойынша жүргізіледі.

2025–2026 оқу жылында студенттер контингенті 35 165 адамды құрады, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша 26 020 студент білім алуда (74%).

1.2. Өткен жылдағы салық-бюджет саясатының негізгі бағыттарын іске асыру.

2025 жылғы 18 шілдеде Салық кодексіне қол қойылып, ол 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді және салық жүйесін оңайлатуға бағытталған бірқатар негізгі өзгерістерді көздейді, оның ішінде:

– салық есептілігін 30%-ға қысқарту;

– салықтар санын 20%-ға азайту;

– салықтық жеңілдіктерді оңтайландыру;

– сараланған мөлшерлемелерді енгізу;

– инвестициялық белсенділікті ынталандыру, сән-салтанат заттарына түсетін салықтық жүктемені арттыру және бірқатар басқа да өзекті міндеттерді шешу.

Салық жүйесін жетілдіру мақсатында мынадай шаралар қабылданды:

– жеке табыс салығы бойынша шегерім мөлшерінің 14 АЕК-тен 30 АЕК-ке дейін ұлғайтылуы ескерілді;

– ЖТС бойынша прогрессивті мөлшерлеме енгізілді (жеке тұлғалардың табысы 8 500 АЕК-тен асқан жағдайда 15% мөлшерлеме қолданылады);

– акцизделетін өнімдерге мөлшерлеме арттырылды, көлік құралдарына салынатын салықты есептеу үшін көлік құралының пайдалану мерзіміне қарай сараланған түзету коэффициенттері енгізілді және басқа да өзгерістер қабылданды;

– республикалық бюджеттен жергілікті бюджетке түсімдердің бір бөлігі берілді *(пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық, алымдар, цифрлық майнинг үшін төлемдер, ойын бизнесіне салынатын салық, мемлекеттік баж, әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, республикалық бюджетке түсетін санкциялар мен өндіріп алулар).*

Источник оперативных данных по экономическим показателям — https://stat.gov.kz.

Өңірлік дамудың қазіргі жағдайында облыстың бюджет саясатының басымдығы өңір экономикасының өсуі үшін ұзақ мерзімді негіздер қалыптастыру және шағын және орта бизнесті қолдау есебінен жергілікті бюджеттің теңгерімділігін қамтамасыз ету және тұрақтылығын сақтау болып табылады.

Өңірлік қаржының тұрақтылығын сақтау мақсатында облыстың бюджет саясаты белгіленген шығыстар мен борыш лимиттерін сақтауды ескере отырып жүзеге асырылады. Жергілікті бюджеттің контрциклдік сипатын қамтамасыз ету орта мерзімді кезеңдегі өңірдің негізгі міндеті болып табылады.

Бюджет қағидаларын қатаң сақтау міндеттілігі Бюджет кодексімен регламенттелген.

Жергілікті бюджет шығыстарының өсуі елдегі инфляцияның нысаналы деңгейіне түзетілген өңірдің ұзақ мерзімді экономикалық өсу деңгейімен шектеледі.

Жоғарыда көрсетілген шаралар Мемлекеттік қаржыны 2030 жылға дейін басқару тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде белгіленген жергілікті бюджет параметрлерінің сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Жергілікті бюджет шығыстарының өсу қарқынын тежеу жағдайында бюджет қаражатын пайдалану тиімділігін арттыру және оның өңір үшін әлеуметтік-экономикалық әсерін барынша көбейту мәселесі бірінші орынға шығады.

Бюджет кодексінде бюджет қаражатын пайдалану тиімділігін арттыру жөніндегі бірқатар құралдарды енгізу заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз етілді – бұл өңірдің стратегиялық және экономикалық дамуын ескере отырып, шығыстарды басымдықтарға бөлу тетігін белгілеу, мониторинг пен бағалауды жетілдіру, шығыстарға шолу жүргізуді енгізу, орта және ұзақ мерзімді тәуекелдерді есепке алу.

2. Облыстың есепті әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің есепті қаржы жылында мақұлданған облыс деңгейіндегі Даму болжамының болжамды деректерімен алшақтық параметрлері мен себептерін талдау.

Экономикадағы ағымдағы жағдай мен жедел деректерді негізге ала отырып, 2025 жылдың қорытындысы бойынша жалпы өңірлік өнім көлемі **10 367,3 млрд теңгені** құрады, бұл болжамды мәннен **3,7%-ға** жоғары *(болжам – 9 994,8 млрд теңге)*.

ЖӨӨ-нің нақты көлем индексі болжамды мән деңгейінде қалыптасты *(103,7%)*.

Оң серпін экономиканың негізгі салаларының өсуімен қамтамасыз етілді.

Өнеркәсіптің нақты көлем индексі **105,5%-ды** құрап, болжам бойынша 109% болған, бұл болжамды мәннен **3,5 пайыздық тармаққа** төмен. Сонымен қатар өнеркәсіптік өндіріс көлемі **5 266,7 млрд теңгеге** жетіп,

болжамды көлемнен **19%-ға** асты. Көлемнің қалыптасуына негізгі үлесті тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындары қосты.

Тау-кен өндіру өнеркәсібінде өндіріс көлемі **1 075,2 млрд теңгені** құрады, бұл болжамнан **37%-ға** жоғары. Нақты көлем индексі **107,9%-ға** жетіп, болжам бойынша **103%** болды, бұл металл кендерін өндіру көлемінің 2,8 есеге ұлғаюына байланысты.

Өңдеу өнеркәсібі болжамды параметрлерден **14%-ға** асып, өндіріс көлемі **3 812,6 млрд теңгені** құрады. Нақты көлем индексі болжам бойынша **100%** болған кезде **104,9%** деңгейінде қалыптасты. Өсім металлургия өнімдерін өндірудің 16,7%-ға, машина жасаудың – 22%-ға, резеңке және пластмасса бұйымдарын өндірудің – 55,4%-ға, өзге де металл емес минералдық өнімдерді өндірудің – 18%-ға ұлғаюымен қамтамасыз етілді.

Ауыл шаруашылығында жалпы өнім көлемі **519,8 млрд теңгені** құрап, болжамды мәннен 74%-ға асты. 2024 жылмен салыстырғанда жалпы өнім көлемі 8,9%-ға өсті. Сонымен қатар нақты көлем индексі **100,6%** деңгейінде қалыптасып, болжам бойынша 105,5% болды, бұл өсімдік шаруашылығы өнімдері мен мал шаруашылығы өнімдерінің жекелеген түрлерінің өсу қарқынының болжамды күтулермен салыстырғанда неғұрлым қалыпты болуына байланысты.

Сонымен қатар салада өндірістік әлеуетті арттыруға бағытталған ірі инвестициялық жобаларды іске асыру жалғастырылды. Нұра ауданында жылына 9 мың тонна сүт өндіретін 1 100 басқа арналған тауарлы-сүт фермасы пайдалануға берілді, Осакаров ауданында 6 мың басқа арналған тауарлы-сүт фермасының құрылысы жалғасуда, сондай-ақ ет өнімдерінің экспорттық әлеуетін кеңейту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Жалпы сомасы **47,4 млрд теңгеге** 31 инвестициялық жоба іске асырылып, **287 жаңа жұмыс орны** құрылды.

Құрылыс жұмыстарының көлемі 723,3 млрд теңгеге жетіп, болжамды мәннен **14%-ға** асты. Құрылыстың нақты көлем индексі **104,6%-ды** құрады.

Өсім тұрғын үй құрылысы жобаларын іске асыру, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін салу, сондай-ақ ірі инвестициялық жобаларды іске асыру есебінен қамтамасыз етілді.

Құрылыс жұмыстары көлемінің өсуі ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асырумен қамтамасыз етілді, оның ішінде Қарағанды – Қарқаралы автомобиль жолын жөндеуді аяқтау, Бұқар жырау ауданында Нұра өзені арқылы өтетін жаңа көпір салу, Қарағанды қаласындағы Оңтүстік-Шығыс пен Майқұдықты байланыстыратын жаңа магистральдың бірінші учаскесін ашу, сондай-ақ республикалық, облыстық және жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының 637 км учаскесін жөндеу және реконструкциялау жұмыстары жүргізілді.

Сауда саласында көтерме және бөлшек сауда көлемі **4 826,5 млрд теңгені** құрап, болжамды мәннен елеулі түрде асты. Сауданың нақты көлем индексі 97,1% болжам кезінде 101,9% деңгейінде қалыптасты, бұл болжамды мәннен 11,9 пайыздық тармаққа төмен. Болжамдағы ауытқу салыстырмалы

бағалардағы тауар айналымының серпініне әсер еткен экономикалық факторларға, сондай-ақ респонденттердің есептілігі түсуіне қарай статистикалық деректердің нақтылануына байланысты.

Көлік және қоймалау саласындағы қызметтер көлемі **588,9 млрд теңгені** құрады, бұл болжамды мәннен **31%-ға** жоғары *(395,0 млрд теңге)*. Нақты көлем индексі болжам бойынша 106,1% болған кезде **126,2%-ға** жетіп, болжамнан **19 пайыздық тармаққа** асты. Өсім жүк тасымалдау көлемі мен көліктік-логистикалық қызметтердің ұлғаюына байланысты.

Ақпарат және байланыс саласында қызметтер көлемі **28,1 млрд теңгені** құрады, нақты көлем индексі **126,2%** деңгейінде қалыптасып, болжамды мәннен 22,4 **пайыздық тармаққа** асты. Оң серпін байланыс қызметтері мен цифрлық сервистер көлемінің ұлғаюымен қамтамасыз етілді.

2025 жылдың қорытындысы бойынша Қарағанды облысының бюджеті 878,1 млрд теңге көлемінде, 884,8 млрд теңге жоспар кезінде орындалды *(99,2%)*. Облыстың әлеуметтік-экономикалық даму болжамында көзделген көлеммен *(715,0 млрд теңге)* салыстырғанда, орындалу 123%-ды құрады.

Жалпы, нақты көрсеткіштердің болжамды көрсеткіштерден ауытқуы макроэкономикалық конъюнктураның өзгеруі, ірі инвестициялық жобалардың іске асырылуы, кәсіпорындардың өндірістік бағдарламаларының түзетілуі, ішкі сұраныс серпіні, сондай-ақ экономиканың жекелеген салаларының дамуына сыртқы және ішкі факторлардың әсер етуіне байланысты.

3. Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының үрдістері мен негізгі бағыттары.

3.1. 2026 жылы облыс экономикасының даму серпіні.

2026 жылғы қаңтар–наурызда ЖӨӨ көлемі ағымдағы бағамен 2 340,1 млрд теңгені құрады. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда нақты ЖӨӨ 4,4%-ға өсті.

2026 жылғы қаңтар–тамызда өнеркәсіп өнімінің көлемі 3 711,5 млрд теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 4,7%-ға өсті. Өсім тау-кен өндіру өнеркәсібі мен карьерлерді игеруде өндіріс көлемінің 1,7%-ға, өңдеу өнеркәсібінде 5,9%-ға, электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және кондиционерленген ауамен жабдықтау саласында 3,7%-ға ұлғаюы есебінен қамтамасыз етілді.

Ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы шығарылымы 236,6 млрд теңгені құрады. НКИ 103,9%-ды құрады.

Ағымдағы жылдың қаңтар–тамызында құрылыс жұмыстарының нақты көлем индексі 78,6%-ды құрады. Сонымен қатар 240,7 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, бұл 2025 жылдың сәйкес кезеңінің деңгейінен 31,6%-ға төмен.

Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 2025 жылдың сәйкес кезеңіне қарағанда 2%-ға төмендеді *(2025 жылғы қаңтар–тамызда – 644 678,9 млн теңге, 2026 жылғы қаңтар–тамызда – 657 673,3 млн теңге)*. Сонымен қатар инвестициялардың нақты көлем индексі 95%-ды құрады.

Источник оперативных данных по экономическим показателям — https://stat.gov.kz.

Инвестициялар көлемінің өсуі ауыл шаруашылығында – 30,6%-ға, құрылыста – 48%-ға, тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсету саласында – 4 есеге, денсаулық сақтау саласында – 2 есеге байқалады.

Жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 94 913 бірлікті немесе 2025 жылдың сәйкес кезеңіне 93,7%-ды құрады.

Апатты жағдайдағы №44 мектептің орнына жаңа мектеп салу жалғастырылды, объектіні пайдалануға беру 2026 жылға жоспарланған.

№51 мектеп бойынша жаңа ғимарат салу үшін жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу және мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алу жұмыстары жалғастырылды.

2026 жылы сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға 30,7 млрд теңге бөлінді. Қаражат 15 объектіні салуға (9,5 млрд теңге) және 16 объектіні реконструкциялауға (21,2 млрд теңге) бағытталатын болады.

2026 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша мемлекеттік бюджетке түскен салықтар мен міндетті төлемдердің көлемі 562,6 млрд теңгені немесе болжамға 91,2%-ды құрады, оның ішінде республикалық бюджетке – 269,4 млрд теңге (83,6%), жергілікті бюджетке – 293,2 млрд теңге (99,5%).

2026 жылғы 1-тоқсанда халықтың жан басына шаққандағы ақшалай кірістері 278,3 мың теңгені құрап, номиналды мәнде 16,4%-ға, нақты мәнде 4,5%-ға өсті. https://stat.gov.kz/ru/industries/labor-and-income/stat-life/publications/346994/

2026 жылғы тамызда инфляция желтоқсанға қарағанда 105,3%-ды құрады. Азық-түлік тауарларының бағасы 4,3%-ға, азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 6,7%-ға, ақылы қызметтер – 5,1%-ға өсті.

Жұмыссыздық деңгейі жұмыс күшінің санына шаққанда 4%-ды құрады.

2026 жылғы II тоқсанда жұмыссыздар саны 21,5 мың адамды құрады.

Орташа айлық атаулы жалақы 470 390 теңгені құрап, 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 8,8%-ға жоғары болды *(2026 жылғы II тоқсандағы)*.

2026 жылы ЖӨӨ-нің атаулы көлемі 11,5 трлн теңге мөлшерінде бағаланады. ЖӨӨ-нің жан басына шаққандағы көлемі 18,9 мың АҚШ доллары деңгейінде күтіледі.

Өнеркәсіп өндірісі көлемінің 7,5%-ға, ауыл шаруашылығының – 3,8%-ға, көлік және қоймалаудың – 0,5%-ға, көтерме және бөлшек сауданың – 3%-ға өсуі күтіледі.

Салалар бөлінісінде:

Өнеркәсіпте 2026 жылдың қорытындысы бойынша болат өндіру көлемін 6,5%-ға, шойын – 6,5%-ға, прокат – 9,8%-ға («Qarmet»), мыс – 3,2%-ға («Қазақмыс») арттыру болжануда. «Tengri Tyres» кәсіпорнында 1,2 млн автомобиль шинасын, «Silk Road Electronics» кәсіпорнында 375 мың дана тұрмыстық техника, «Kaztehna» кәсіпорнында 3 292 дана автобус және арнайы техника және т.б. өнім шығару көлемін ұлғайту жоспарлануда.

Өнеркәсіпті дамытудың негізгі бағыттары қолданыстағы өндірістерді жаңғырту, металлургия, машина жасау, құрылыс индустриясы және тамақ өнеркәсібіндегі инвестициялық жобаларды іске асыру болып қала береді.

2026 жылы ***негізгі капиталға инвестициялар*** көлемі 1 898,7 млрд теңге мөлшерінде жоспарлануда, НКИ – 2025 жылға 130,4%.

2026 жылы облыста жалпы құны 322,5 млрд теңге болатын 44 инвестициялық жоба іске асырылуда, 2 940 жұмыс орнын құру көзделген, оның ішінде өнеркәсіп және өңдеу секторында жалпы сомасы 80,9 млрд теңге болатын 1, жоба іске асырылып, 1 658 жұмыс орны құрылады.

Қазіргі күнгі жағдай бойынша бірқатар жаңа өндірістер іске қосылды. Іске асырылған жобалардың қатарында «Saran Machinery» ЖШС жүк автомобильдерін өндіру, «Eurasia Tech» ЖШС жеңіл автомобильдер өндіру, «Gold Corp» ЖШС катодты мыс өндіру, «FL Smidth» ЖШС ірі габаритті бұйымдар өндіру, «Алтын Алкап Крг» ЖШС кірпіш өндірісін техникалық іске қосу, сондай-ақ «ЖАҢА LAB» ЖШС зертханалық кешені бар.

Өнеркәсіпті әртараптандыруға және импортты алмастыруға бағытталған ірі жобаларды іске асыру жалғасуда, оның ішінде «Karaganda Insulation» ЖШС жылу оқшаулағыш материалдар өндіретін зауытын салу, «QAZCLINKER» ЖШС клинкерлік плитка өндіретін зауытын салу, «BMT Holding Limited» ЧК-нің Тесіктас кен орнындағы өндірісті дамыту және басқа да жобалар.

АӨК саласында жалпы сомасы 76,9 млрд теңге болатын 42 жоба іске асырылуда, 453 жұмыс орнын құру көзделген.

2026 жылдың қорытындысы бойынша дәнді дақылдардан 900 мың тонна, ауыл шаруашылығы құрылымдарында картоптан – 334,0 мың тонна, көкөністен – 47,0 мың тонна өнім жинау жоспарлануда; ірі қара мал басын 4,7 мың басқа, жылқы – 13,2 мың басқа, қой мен ешкі – 15,8 мың басқа, құс – 96,8 мың басқа ұлғайту жоспарлануда.

Ет өндіру көлемін 110,1 мың тоннаға, сүт – 225,6 мың тоннаға, жұмыртқа – 638,0 млн данаға дейін жеткізу жоспарлануда; АӨК-ке инвестициялар көлемін 113,5 млрд теңгеге дейін ұлғайту көзделген *(оның ішінде ауыл шаруашылығы – 100,0 млрд теңге, тамақ өнімдерін өндіру – 13,5 млрд теңге)*.

Өңделген өнім экспортының көлемін 282,8 мың тоннаға дейін немесе 2025 жылға 105,0%-ға жеткізу жоспарлануда *(269,3 мың тонна)*.

Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындары 2025 жылы 217,0 млрд теңге сомасында өнім өндіруді, сүт өңдеу кәсіпорындарының жүктемесін 90,0%-ға *(2025 ж. – 58,0%)*, ет өңдеу кәсіпорындарының жүктемесін 69,0%-ға *(28,7%)* дейін арттыруды жоспарлап отыр.

2026 жылы облыс бойынша ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерін мемлекеттік қолдау көлемі 24,4 млрд теңгені құрайды.

Құрылыс жұмыстарының көлемі 764,5 млрд теңге немесе 103% мөлшерінде болжануда, бұл 2025 жылғы көлемнен *(723,3 млрд теңге)* 41,2 млрд теңгеге артық.

Құрылыс саласын дамыту тұрғын үй құрылысы жобаларын іске асыру, инженерлік инфрақұрылымды салу және реконструкциялау, коммуналдық желілерді жаңғырту және көлік инфрақұрылымын дамыту есебінен қамтамасыз етіледі.

600 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарлануда, оның ішінде:

– 103 мың шаршы метр мемлекеттік тұрғын үй;

Спорт объектілерін салу (Қарқаралы ауданы – Қарағайлы кенті және Жарлы ауылы; Бұқар жырау ауданы – Құшоқы кенті; Шет ауданы – Успенка ауылы және Ақсу-Аюлы кенті; Қарағанды қаласы – Күнгей шағынауданы және «Шахтер» футбол академиясы; Саран қаласы), Қарағанды қаласындағы «Шахтёр» стадионын және Ақтоғай ауылындағы стадионды реконструкциялау жалғасуда.

Қарағанды қаласында спорт инфрақұрылымын кешенді дамытуды көздейтін «Спорттық кластер» жобасын іске асыру жалғастырылады (футбол академиясы, стадион, әмбебап және мұз ареналары, жеңіл атлетика манежі, олимпиадалық резервтің мектеп-интернаты, мүгедектігі бар адамдарға арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешені). Жобаны іске асыру бұқаралық және жоғары жетістіктер спортын дамытуға, спорт резервін даярлауға және спорттық іс-шаралар өткізуге жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Облыстың жетекші телеарналарында салауатты өмір салтын ақпараттық насихаттаудың аудиториясын кеңейтуге және сапасын арттыруға, танымал интернет-ресурстарды, оның ішінде «KARSPORT»-ты, облыстық баспа басылымдарын, радиостанцияларды және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарын дамытуға бағытталған жүйелі шараларды қабылдау бойынша жұмыс жалғастырылады.

Саланы цифрландыру бойынша жұмыс жалғастырылады. Экономикалық өсудің тұрақты қарқынын қолдау саясатын басым бағыт ретінде жүргізу өмір

сүру сапасын одан әрі арттыруды көздейді. Жаңа өндірістерді іске қосу және қолданыстағы кәсіпорындарды кеңейту есебінен Ұлттық жобалар мен тұжырымдамалар шеңберінде жыл сайын шамамен 6,7 мың жұмыс орнын құру жоспарлануда.

3.5. Теңгерімді өңірлік даму

Өңірлік саясат Қазақстан Республикасының 2025–2030 жылдарға арналған өңірлік даму тұжырымдамасын іске асыруға, өңірдің бәсекеге қабілеттілігін және халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталатын болады.

Қарағанды облысының Даму жоспарын іске асыру шеңберінде моно- және шағын қалаларды, перспективалы ауылдық елді мекендерді дамыту, халықты сапалы ауыз сумен және су бұру қызметтерімен қамтамасыз ету бойынша жұмыс жалғастырылады.

Қарағанды агломерациясын дамыту жалғастырылады, бұл инфрақұрылымды дамыту тиімділігін, көліктік байланыстылықты арттыруға, инженерлік желілерді жаңғыртуға және экологиялық ахуалды жақсартуға мүмкіндік береді.

Қарағанды агломерациясын дамытудың Кешенді жоспарын іске асыру қорытындысы бойынша 2029 жылға қарай 30 км жол салу және реконструкциялау, 215 км инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым (ИКИ) желілерін салу және жөндеу, 3 тазарту құрылысы мен 2 қазандық салу күтіледі.

Жүргізіліп жатқан реформалар шеңберінде әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін шешудің тиімділігін арттыру мақсатында жергілікті атқарушы органдардың өкілеттіктерін кеңейту және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру бойынша жұмыс жалғастырылады.

Ауылдық аумақтарды дамытуға, әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымы объектілерін жаңғыртуға ерекше назар аударылатын болады, бұл өңірлік стандарттар жүйесінің деңгейін және халықтың өмір сүру сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

4. Облыстың әлеуметтік-экономикалық даму тәуекелдері

Әлемдік металдар бағасының құбылуы, импорттық жабдықтар мен жинақтауыштарды жеткізу тізбектерінің бұзылуы, сондай-ақ жекелеген тауарлар мен азық-түлік импортына тәуелділік облыс экономикасының дамуына елеулі әсер етуі мүмкін. Аталған факторлар өнеркәсіптің, құрылыс секторының дамуына және инвестициялық белсенділікке теріс әсер етуі мүмкін.

Өнеркәсіп үшін негізгі тәуекелдердің бірі саладағы еңбек өнімділігінің жоғары деңгейі сақталғанына қарамастан, жекелеген кен орындары қорларының сарқылуына байланысты өндіріс көлемінің төмендеуі мүмкіндігі болып қала береді.

Агроөнеркәсіптік кешенде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудің өзіндік құнының жоғары деңгейі сақталуда. Өңірдің негізгі өткізу

нарықтарынан шалғай орналасуы және логистикалық инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы көлік шығындарының және өнімнің түпкілікті құнының өсуіне әсер етеді.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты негізінен терең өңдеуден өтпеген өнімдерден тұрады.

Агроөнеркәсіптік кешеннің дамуы көбіне субсидиялау, жеңілдетілген кредит беру және инвестициялық бағдарламаларды іске асыруды қоса алғанда, мемлекеттік қолдау шаралары арқылы қамтамасыз етіледі.

Валюта бағамының күрт өзгеруі инфляциялық күтулердің өсуіне және тауарлар мен көрсетілетін қызметтер бағасының өсуіне әсер етуі мүмкін.

Климаттық жағдайлар аграрлық сектордың дамуына және азық-түлік бағаларына елеулі әсер етеді.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және инженерлік инфрақұрылым объектілерін жаңғыртуға бағытталған «Инвестицияларға айырбас ретінде тариф» тарифтік саясатын іске асыру инфляциялық процестерге әсер етеді. Экономикалық өсуге бюджет шығыстары мен салаларды ынталандыру шаралары да әсер етеді.

Облыстың негізгі экологиялық проблемаларының бірі өнеркәсіптік және автокөлік шығарындыларына байланысты **атмосфералық ауаның ластану деңгейінің жоғары болуы**, сондай-ақ жекелеген су объектілерінің ластануы болып қала береді.

Энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылым объектілерін жаңғырту, қоршаған ортаға теріс әсерді төмендету және өндірістің экологиялық тиімділігін арттыру мәселелері өзекті болып қала береді.

Қатты тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату саласында ҚТҚ түзілу көлемінің ұлғаюына және қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаты бар полигондарға байланысты проблемалар бар. Ауылдық аудандарда қалдықтарды қайта өңдеу мәселелері шешілмеген.

Қалдықтарды басқару саласындағы инфрақұрылымға қатысты – құрылыс және тамақ қалдықтарын қайта өңдеу бойынша проблемалар бар.

Денсаулық сақтау саласында: медицина қызметкерлерінің тапшылығы сақталуда, 2026 жылдың басындағы жағдай бойынша 321 штаттық бірлікті құрайды, оның ішінде ауылдық жерлерде – 98 штаттық бірлік. Денсаулық сақтау объектілерінің 20-сына 15 млрд теңге сомасында күрделі жөндеу қажет, жабдықтардың тозу деңгейі 46,4%-ды құрайды.

Білім беру саласында пән мұғалімдерінің тапшылығы сақталуда, қажеттілік 828 педагогті құрайды *(жаратылыстану-математикалық цикл, ағылшын тілі және орыс тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып педагогтері)*, оның ішінде математика мұғалімдері – 114, орыс тілі мен әдебиеті – 94, физика – 71, химия – 47, педагог-психологтар – 38, дефектологтар – 26, сондай-ақ орыс тілінде оқытатын «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша педагогтер – 24.

Халықтың көші-қон ағынының кетуімен және мектеп жасындағы балалар санының азаюымен байланысты демографиялық тәуекелдер сақталуда, бұл

шағын жинақты ауыл мектептері үлесінің артуына алып келеді. Мұндай мектептердің бір бөлігі бейімделген ғимараттарда орналасқан, бұл оқытудың заманауи жағдайларын қамтамасыз ету мүмкіндіктерін шектейді.

Құрылыс саласында құрылыс материалдарының, жабдықтардың және логистикалық қызметтердің құнының өсуіне, сондай-ақ импорттық өнімдердің жекелеген түрлерін жеткізуге тәуелділікке байланысты тәуекелдер сақталуда. Инвестициялық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға білікті кадрлардың тапшылығы және құрылыс-монтаж жұмыстары құнының өсуі елеулі әсер етеді.

2026 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға кезекте 45,3 мың азамат тұр *(ӘОТ – 22 743, мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері – 10 454, жалғыз тұрғын үйі апатты жағдайда тұрған азаматтар – 134, санаты жоқ – 11 977)*, оның ішінде жетім балалар – 6 032, көпбалалы отбасылар – 3 929.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында проблемалық мәселелер: инженерлік желілердің тозуы; тозығы жеткен *(104)*, бос тұрған *(133)*, апатты *(32)* үйлердің болуы, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған кәріздік тазарту құрылыстарының жеткіліксіздігі болып табылады, бұл ағынды суларды жер бедеріне төгу және топыраққа түсуі арқылы өңірдегі экологиялық жағдайға теріс әсер етеді.

Электр энергиясын тұтынудың өсуіне және энергетикалық инфрақұрылымды жаңғырту қажеттілігіне байланысты электр қуатының тапшылығы сақталуда. Газдандыруды одан әрі дамыту табиғи газ жеткізілімдерінің жеткілікті көлемін қамтамасыз етуді және газ тасымалдау инфрақұрылымын дамытуды талап етеді.

ШОК саласында: шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу кезінде екінші деңгейдегі банктердің кепілмен қамтамасыз етуге қойылатын жоғары талаптары сақталуда, бұл бизнестің қарыз қаражатына қолжетімділігін шектейді.

Туризм саласында инженерлік-коммуникациялық және көлік инфрақұрылымы жеткіліксіз дамыған. Қарқаралы ауданында шағын авиацияны дамыту қажеттілігі бар.

Қабылданып жатқан шараларға қарамастан, облыстың Теміртау, Балқаш, Абай, Шахтинск моноқалаларының экономикасы қала құраушы кәсіпорындардың – бір саланың қызметіне тәуелді болып отыр.

Қарағанды облысында 1958 жылға дейін салынған үйлердің үлесі 11,1%-ды немесе 6 941 ғимараттың 772-сін құрайды.

Ауылдық аумақтар өсу орталықтары арасындағы қашықтықтың үлкен болуымен және күрделі климаттық жағдайлармен сипатталатын шашыраңқы қоныстану үлгісіне ие, халық саны 200 адамнан аз 157 ауылдық елді мекен бар.

5. Облыстың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың 2027–2029 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің экономикалық өсу факторлары және болжамы *(Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 27 мамырдағы №35 бұйрығымен бекітілген Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын, оның ішінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу қағидаларының 3-қосымшасына сәйкес 1 және 2-нысандар бойынша – бұдан әрі Қағидалар).*

5.1. Экономика салаларының даму болжамы

Болжам Мемлекет басшысының ел экономикасының өсімін екі есеге арттыру жөніндегі міндетін, облыстың Даму жоспарында белгіленген әлеуметтік-экономикалық даму нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізуді, стратегиялық жоспарлау міндеттерін шешуді қамтамасыз етуге бағытталған. Бюджет саясатын, облыс экономикасын дамыту үшін барынша қолайлы жағдайларды ескереді.

Болжамды кезеңде өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму серпіні тұрақты өсу қарқынымен сипатталатын болады.

Жалпы өңірлік өнімнің көлемі 2029 жылы 14 834,2 млрд теңге мөлшерінде болжануда. 2027–2029 жылдары ЖӨӨ-нің нақты орташа жылдық өсу қарқыны 5% деңгейінде болжануда *(2027 жылы 4,3%-дан 2029 жылы 5,6%-ға дейін)*.

ЖӨӨ-нің жан басына шаққандағы көлемі 2029 жылы шамамен 22,7 мың АҚШ долларын (есептік бағам бойынша) құрайды.

2027–2029 жылдары өнеркәсіп өндірісі көлемінің орташа жылдық өсімі 7,7% деңгейінде болжануда, оның ішінде тау-кен өндіру өнеркәсібінде – 8,1%, өңдеу өнеркәсібінде – 8,3%:

- 2027 жылы өсім 7,6%-ды, өңдеу өнеркәсібінде – 8,1%-ды, тау-кен өндіру өнеркәсібінде – 8%-ды құрайды;
- 2028 жылы өсім 7,7%-ды, өңдеу өнеркәсібінде – 8,3%-ды, тау-кен өндіру өнеркәсібінде – 8,1%-ды құрайды;
- 2029 жылы өсім 7,9%-ды, өңдеу өнеркәсібінде – 8,5%-ды, тау-кен өндіру өнеркәсібінде – 8,3%-ды құрайды.

«Qarmet» АҚ және «Қазақмыс корпорациясы» АҚ өнімдерінің өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлеміндегі үлесі 50%-дан астамды құрайды.

Тау-кен өндіру өнеркәсібі өндірісінің көлемін ұлғайту мынадай негізгі ірі кәсіпорындар мен жобалар есебінен жоспарлануда:

- «Қазақстандық ыстық мырыштау зауыты» ЖШС-інде 50 000 тоннаға дейін өнім өндіру жоспарлануда;
- «Лам 2030» ЖШС-інде 436,5 тонна вольфрам өнімін өндіру жоспарлануда;
- «EURASIAN LAND» ЖШС-інде Ойпат кен орнында 450 мың тонна марганец кенін өндіру жоспарлануда;
- «Сарыөзен көмір» ЖШС-інде Сарыөзен кен орнында 83 мың тонна көмір өндіру жоспарлануда.

Өңдеу өнеркәсібінде өндіріс көлемін ұлғайту мынадай жобалар есебінен жоспарлануда:

- «ТЭМПО Қазақстан» ЖШС-інде 250 мың тоннаға дейін өнім өндіру жоспарлануда;

- «Silumin of Qazaqstan» ЖШС-інде 3 700 мың секция өндіру жоспарлануда;

- «QAZCLINKER» ЖШС-інде 100 тонна бұйым өндіру жоспарлануда;

- «Karaganda Insulation» ЖШС-інде 1,3 млн шаршы метр өнім өндіру жоспарлануда.

2029 жылы өңдеу өнеркәсібінің үлесі **72,7%-ды** құрайды.

2027–2029 жылдары негізгі капиталға инвестициялардың тұрақты өсуі болжануда. Инвестициялар көлемі 2027 жылғы 2 330,5 млрд теңгеден 2028 жылы 2 873,7 млрд теңгеге және 2029 жылы 3 525,9 млрд теңгеге дейін ұлғаяды. Инвестициялық белсенділіктің өсуі Қарағанды облысының 2026–2030 жылдарға арналған Даму жоспарында көзделген 477 инвестициялық жобаны іске асыру есебінен қамтамасыз етіледі.

Бірыңғай индустрияландыру картасының жобаларын, оның ішінде «Сарыарқа» АЭА және «Saran» ИЗ өнеркәсіптік алаңдарында іске асыру облыстың өнеркәсіптік кешімінде құрылымдық өзгерістерді қамтамасыз етуге, сондай-ақ инновациялар мен технологиялық жаңғырту есебінен еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Болажамды 3 жылда шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері өндірген өнімнің *(жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің)* көлемінің орташа жылдық өсімі 10%-ды құрайды.

2028–2029 жылдары жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің (ШОК) саны 5,8%-ға, 94,5 мың бірліктен 100,0 мың бірлікке дейін ұлғаяды. Болжамды кезеңде ШОК саласында жұмыспен қамтылғандар санының жыл сайын 0,1%-ға өсуі күтіледі.

ЖӨӨ-дегі ШОК үлесінің жыл сайынғы өсімі 3 жылдағы орташа есеппен 1,0 пайыздық тармақты құрайды *(2027 жыл – 24,6%, 2028 жыл – 25,6%, 2029 жыл – 26,6%)*.

Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі 2029 жылы 615,8 млрд теңге деңгейінде күтіледі *(2027 жыл – 573,1 млрд теңге)*, оның ішінде өсімдік шаруашылығында – 337,1 млрд теңге *(2027 жыл – 313,8 млрд теңге)*, мал шаруашылығында – 278,1 млрд теңге *(2027 жыл – 258,9 млрд теңге)*. 2027–2029 жылдары ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің орташа жылдық өсу қарқыны шамамен 4,2% деңгейінде болжануда.

2029 жылы 2027 жылмен салыстырғанда мал азықтық дақылдардың *(сұлының)* егіс алқаптары 30,6%-ға, картоп – 16,4%-ға, көкөністер – 4,8%-ға ұлғаяды. Өсімдік шаруашылығы өнімінің көлемі: астық *(бидай)* – 759,4 мың тонна, арпа – 121,5 мың тонна, сұлы – 43,7 мың тонна, картоп – 467,7 мың тонна, көкөніс – 78,4 мың тоннаны құрайды.

2029 жылға қарай мал мен құстың барлық түрлерінің саны орта есеппен 5,4%-ға өседі деп жоспарлануда.

2029 жылы тірідей салмақта 117,8 мың тонна ет немесе 2027 жылға 103,7% *(113,6 мың тонна)*, 248,7 мың тонна сүт немесе 2027 жылға 106,6%

(233,2 мың тонна), 692,4 млн дана жұмыртқа немесе 2027 жылға 105,8% *(654,5 млн дана)*, 1,05 мың тонна жүн немесе 2027 жылға 105% *(1,0 мың тонна)* өндіру жоспарлануда.

2026–2027 жылдары 195,1 млрд теңге сомасына 83 жобаны іске асыру және 1 099 жаңа жұмыс орнын құру жоспарлануда.

Екі жыл ішінде *(2026–2027 жылдары)* суармалы жерлердің 24,5 мың га алаңдағы желісін қалпына келтіріп, олардың көлемін 71 мың гектарға дейін жеткізу жоспарлануда *(оның ішінде 2027 жылы – 15,8 мың га)*.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу өнеркәсібі өнімдерінің өндірісі құндық мәнде 2029 жылы 228,2 млрд теңгені құрап, 2027 жылға қарағанда 4,1%-ға өседі *(2027 жылы – 219,3 млрд теңге)*.

2029 жылға қарай еңбек өнімділігі 15%-ға ұлғаяды. Ауыл шаруашылығы саласында бір жұмыспен қамтылған адамға шаққандағы еңбек өнімділігі 2029 жылы 8,5 млн теңгені құрайды *(2027 жыл – 7,4 млн теңге)*.

2027–2029 жылдары көлік және қоймалау бойынша көрсеткіштің орташа жылдық өсу қарқыны 1,5%-ды құрайды *(2027 жыл – 101%, 2028 жыл – 101,5%, 2029 жыл – 102%)*. Көлік және қоймалау қызметтерінің көлемі 152 000 млн теңгеге – 2026 жылғы 627 000 млн теңгеден 2029 жылы 779 000 млн теңгеге дейін ұлғаяды.

«Ақпарат және байланыс» көрсеткіші бойынша саланың дамуында оң серпін болжануда. Нақты көлем индексі 2027 жылы – 101,5%, 2028 жылы – 102,3% және 2029 жылы – 103% құрайды. Бұл ретте ақпарат және байланыс қызметтерінің көлемі 2026 жылмен салыстырғанда 2029 жылға қарай 5 730,0 млн теңгеге ұлғаяды *(2026 жыл – 28 500,0 млн теңге, 2029 жыл – 34 230,0 млн теңге)*.

2029 жылы құрылыс жұмыстарының көлемі 940 000 млн теңгені құрайды. 2027–2029 жылдары орташа жылдық өсу қарқыны 3,9% деңгейінде болжануда (2027 ж. – 103,5%, 2028 ж. – 1104%, 2029 ж. – 104,1%).

Жаңа тұрғын үй құрылысы және 2029 жылы тұрғын үйді пайдалануға беру көлемінің 2026 жылмен салыстырғанда 1,3%-ға ұлғаюы, оның ішінде: дайын жалға берілетін тұрғын үйді бастапқы нарықтан сатып алу, жеке тұрғын үй құрылысын дамыту, коммерциялық тұрғын үй көлемін ұлғайту есебінен күтіледі.

Барлық қаржыландыру көздері есебінен пайдалануға берілетін тұрғын үй көлемі: 2026 жылы – 600 мың шаршы метр, 2027 жылы – 603 мың шаршы метр, 2028 жылы – 605 мың шаршы метр, 2029 жылы – 609 мың шаршы метр болады деп жоспарлануда.

2026–2029 жылдар аралығында электр энергетикасы саласында:

- 2029 жылы жаңартылатын энергия көздерінен өндірілетін электр энергиясының жалпы электр энергиясын өндіру көлеміндегі үлесін 4,1%-ға жеткізу;

- энергия беруші ұйымдардың бекітілген инвестициялық бағдарламаларына сәйкес 2025 жылдан бастап электрмен жабдықтау желілеріндегі нормативтік шығындарды төмендету: «ЖРЭК» АҚ – 7,25%; «ҚРЭК» ЖШС – 13,89%; «Қарағанды-Жарық» ЖШС – 6,76%;

Источник оперативных данных по экономическим показателям — https://stat.gov.kz.

- жөндеуді қажет ететін жылу желілерінің үлесін 45%-ға дейін төмендету көзделеді.

Болжамды кезеңде көтерме және бөлшек сауда көлемі жыл сайын ұлғаяды: 2026 жылы – 3%-ға, 2027 жылы – 3,3%-ға, 2028 жылы – 3,7%-ға және 2029 жылы – 4,3%-ға.

Бөлшек тауар айналымы құрылымындағы электрондық сауданың үлесі 2029 жылға қарай 103%-ға дейін жетіп, 2026 жылғы 101,4%-дан ұлғаяды *(2027 жыл – 101,7%, 2028 жыл – 102,4%, 2029 жыл – 103%)*.

Болжамды кезеңде көтерме сауда көлемі 2026 жылғы 3 268,8 млрд теңгеден 2029 жылы 4 758,7 млрд теңгеге дейін ұлғаяды. Жыл сайынғы өсім 2026 жылы 4,6%, 2027 жылы – 4,8%, 2028 жылы – 5% және 2029 жылы – 5,5% деңгейінде болжануда.

Экономика салаларының даму болжамы, өткен жылға %-бен

Наименование	2026	2027	2028	2029
	оценка	прогноз		
Өнім өндіру	106,2	107,1	107,3	107,5
Ауыл шаруашылығы	103,8	104	104,2	104,4
Өнеркәсіп	107,5	107,6	107,7	107,9
Тау-кен өндіру өнеркәсібі	107,9	108	108,1	108,3
Көмір және қоңыр көмір өндіру	108	109	109,5	110
Темір кендерін өндіру	101	101,5	101,8	102
Өңдеу өнеркәсібі	107,6	108,1	108,3	108,5
Металлургия	102	102,3	102,5	103
Машина жасау	118	118,2	118,5	119
Химия	108	108,5	109	109,5
Электрмен жабдықтау	101,0	102,8	103,4	103,4
Құрылыс	100	103,5	104	104,1
Қызметтер өндіру	101,4	102	102,6	103,3
Бөлшек және көтерме сауда	103	103,3	103,7	104,3
Көлік және қоймалау	100,5	101	101,5	102
Ақпарат және байланыс	100,1	101,5	102,3	103
ЖӨӨ	103,2	104,3	105	105,6

Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу саласында Бұқар жырау ауданындағы Тоғызқұдық және Жастлек су қоймаларына күрделі жөндеу жұмыстары аяқталды. Шет ауданындағы Танатбай, Мұхтар және Ақтұмсық су қоймаларына күрделі жөндеу жұмыстары жалғасуда.

2027–2029 жылдардағы болжамды кезеңде су қоймаларын қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етуге және төтенше жағдайлардың туындау тәуекелдерін төмендетуге бағытталған гидротехникалық құрылыстарды жаңғырту жалғастырылатын болады.

Источник оперативных данных по экономическим показателям — https://stat.gov.kz.

«Балқаш қаласының қалалық жағажайы ауданындағы Бертіс шығанағын жағалауды қорғау арқылы түптік шөгінділерден тазарту» жобасын іске асыру жалғасуда. Шарт талаптарына сәйкес жобаны аяқтау 2027 жылға жоспарланған.

Қатты тұрмыстық қалдықтармен жұмыс істеу саласында Абай және Балқаш қалаларында қоқыс сұрыптау желілері бар ҚТҚ полигондарын салу аяқталды. 2027–2029 жылдары Қарқаралы, Бұқар жырау, Шет және Нұра аудандарында сұрыптау желілері бар ҚТҚ полигондарын салу, сондай-ақ қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу инфрақұрылымын одан әрі дамыту жоспарлануда *(Балқаш қаласында құрылыс инвестор – «BioEcoService SBA» ЖШС қаражаты есебінен жүргізілді)*.

Сонымен қатар, 2025 жылдан бастап атмосфераға шекті жол берілетін шығарындылардың (ШЖШ) жиынтық томдарын әзірлеу басталды, бұл шығарындыларды реттеу және қысқарту жөніндегі шараларды әзірлеуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, 2027 жылы ПХД құрамды жабдықтар мен қалдықтарды сақтау үшін пайдаланылған бұрынғы «Дарьял-У» РЛС *(Балқаш-9)* аумағында орналасқан жерлерді рекультивациялау» жобасын аяқтау жоспарлануда.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 2025–2027 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес облыста қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға және өңірдің экологиялық қауіпсіздігін арттыруға бағытталған табиғатты қорғау, зерттеу және инфрақұрылымдық іс-шаралар кешенін іске асыру жалғасатын болады.

Атмосфералық ауаны қорғау мақсатында 2027 жылға дейін облыстың қалалары мен аудандарында жеке тұрғын үйлерді газдандыру, сондай-ақ үйішілік жылыту жүйелерін қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды іске асыру жоспарланған.

Су объектілерін қорғау және қалпына келтіру, сондай-ақ облыстың елді мекендеріндегі коммуналдық инфрақұрылымды дамыту шеңберінде 2025–2027 жылдарға кәріз желілері мен тазарту құрылыстарын салу және реконструкциялау жөніндегі іс-шараларды іске асыру жоспарланған. Жұмыстар Ақтоғай ауылында, Дубовка кентінде, Ақсу-Аюлы ауылында, Балқаш, Теміртау, Абай, Қарқаралы, Шахтинск, Қарағанды және Саран қалаларында жоспарланған.

Сондай-ақ облыстық су шаруашылығы объектілерінде тексеру және іздестіру жұмыстары жүргізілетін болады.

Өңірдің су объектілерінде су қорғау белгілері орнатылды *(Балқаш көлі, Семізбұға және Самарқанд көлдері, Федоровка су қоймасы, Соқыр және Шерубай-Нұра өзендері)*.

Су объектілерін қорғау, су тасқындарының теріс әсерінің алдын алу және жағалау экожүйелерінің деградациясын болдырмау, сондай-ақ гидрологиялық режимді жақсарту мақсатында 2026–2027 жылдары Үлкен Бұқпа, Шерубай-Нұра, Тоқырауын, Нұра, Соқыр, Қарғалы, Сабыр-Қожа өзендерінің арналарын санациялау және қалпына келтіру жоспарланған.

Сондай-ақ Бертіс шығанағын, Үлкен Құндызды және Сабыр-Қожа өзендерін түптік шөгінділерден тазарту көзделген.

Қалдықтарды басқару жүйесін және аумақтардың санитариялық-экологиялық жай-күйін жақсарту бойынша 2026–2028 жылдары Қарағанды облысының аумағында экологиялық қауіпсіздік элементтерімен және қалдықтарды сұрыптау жүйесімен жабдықталған 7 заманауи ҚТҚ полигонын салу жоспарланған: Қарқаралы қаласы; Ботақара кенті; Нұра кенті; Ақадир кенті; Осакаровка кенті; Ақбұлақ ауылы, Сарышаған кенті.

Облыстың елді мекендеріндегі рұқсат етілмеген қоқыс үйінділерін жою, сондай-ақ қатты тұрмыстық және қауіпті қалдықтарды жинауға арналған контейнерлер орнату бойынша жұмыстар жалғасуда.

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы шеңберінде облыс аумағында экологиялық мәдениетті қалыптастыруға және азаматтарды қоршаған ортаны қорғауға тартуға бағытталған іс-шаралар өткізу жоспарлануда:

- «Жануарлар дүниесінің биоалуантүрлілігін сақтау» жобасы – жануарлар мен құстарға жауапкершілікпен және ұқыпты қарауды қалыптастыруға бағытталған *(облыстың барлық өңірлеріндегі жалпы білім беретін мектептерде табиғатты қорғау бойынша экологиялық кездесулер мен ағартушылық іс-шаралар ұйымдастыру)*;
- «Экология және балалар» облыстық ғылыми-практикалық конференциясын өткізу;
- Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне арналған іс-шараларды ұйымдастыру.

Сондай-ақ, халық арасында қалдықтарды бөлек жинауды ынталандыруға бағытталған «5 пластикалық бөтелке өткіз, балмұздақ ал және теледидар ұтып ал!» атты жыл сайынғы акция ұйымдастырылып, ол халықтың белсенді қолдауына ие болды.

Мемлекет басшысының 2 млрд ағаш отырғызу жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында орман алқаптарын кеңейту жұмыстары жүргізілуде.

Облыста 2021–2027 жылдарға арналған ормандарды молықтыру және орман өсіру жөніндегі Кешенді жоспар бекітілді.

2026 жылы 602,6 га алаңға 2 272,35 мың көшет *(қарағаш, үйеңкі, қарағай)* отырғызу жоспарлануда. *(Оның ішінде 2026 жылдың көктемінде жалпы алаңы 559,6 га жерге 1 736,2 мың дана көшет отырғызылды, қалған көшеттерді отырғызу көлемі күзгі кезеңге жоспарланған)*. Сондай-ақ 384,61 мың дана орман дақылдары көшеті толықтырылды *(58,7 га алаңда)*.

Жоспарға сәйкес, 2024–2027 жылдар аралығында орман қоры аумағында 2 310 га алаңға 7 млн көшет отырғызу жоспарлануда.

2025–2027 жылдар аралығында орман питомнигінің алаңын кезең-кезеңімен 40 га-ға ұлғайту жоспарлануда *(2025 жылы 10 га-ға кеңейтілді, ағымдағы жылы 10 га-ға кеңейту жұмыстары жүргізілуде, 2027 жылы 20 га-ға кеңейту жоспарланған)*.

5.2. Әлеуметтік сала көрсеткіштерінің болжамы.

Еңбек нарығының негізгі көрсеткіштері мынадай серпінмен болжануда.

Болжамды кезеңде жұмыс күшінің саны 2029 жылға қарай 528,3 мың адамды құрайды *(2026 жылы – 537,0 мың адам, 2027 жылы – 538,3 мың адам, 2028 жылы – 539,2 мың адам)*.

Болжамды кезеңде жұмыссыздар саны 400 адамға *(2026 жылы – 18,9 мың адам, 2027 жылы – 18,9 мың адам, 2028 жылы – 18,7 мың адам)* азайып, 2029 жылы 18,5 мың адамды құрайды. Бұл ретте жұмыссыздық деңгейі тұрақты деңгейде – 4,5% сақталады.

Халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласында мынадай басым бағыттар айқындалды:

- өңірлік жұмыспен қамту картасы және басқа да бағдарламалар шеңберінде жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу;
- жұмыссыз халықты әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру.
- жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласында қойылған міндеттерді шешу үшін:
- 110,0 мың жұмыссызды жұмысқа орналастыру *(оның ішінде 2026–2029 жылдары жыл сайын 27,5 мың адамнан)*;
- 5,1 мың жұмыссызды қоғамдық жұмыстарға тарту, оның ішінде 2026–2029 жылдары жыл сайын 1,3 мың адамнан;
- жұмыспен қамту қызметтері арқылы 2,1 мың жұмыссызды қайта даярлау, оның ішінде 2026–2029 жылдары жыл сайын 0,5 мың адамнан жоспарлануда.

2026 жылы күнкөріс минимумынан төмен табысы бар халықтың үлесі 3,1% деңгейінде болжануда. 2029 жылға дейін 3% деңгейінде ұстап тұру жоспарлануда.

Білім беру саласында болжамды кезеңде:

- 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі біліммен қамтуды 2026 жылғы 97,5%-дан 2029 жылға қарай 100%-ға дейін арттыру *(2027 жыл – 98%, 2028 жыл – 100%, 2029 жыл – 100%)* күтіледі.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында кадрлар даярлау көлемі 2029 жылға қарай 10 830 адам деңгейінде болжануда *(2027 жыл – 10 750 адам, 2028 жыл – 10 800 адам, 2029 жыл – 10 830 адам)*.

Денсаулық сақтау саласында болжамды кезеңде:

- 2029 жылы халықтың күтілетін өмір сүру ұзақтығын 77 жасқа дейін ұлғайту *(2027 жыл – 76 жас; 2028 жыл – 76 жас; 2029 жыл – 77 жас)*;
- 2029 жылға қарай өлім-жітімнің стандартталған коэффициентін 1 000 халыққа шаққанда 7,08-ге дейін төмендету *(2027 жыл – 7,18; 2028 жыл – 7,13; 2029 жыл – 7,08)*;
- 2029 жылға қарай ана өлімінің деңгейін 100 мың тірі туған балаға шаққанда 10,9-ға дейін төмендету *(2027 жыл – 11,0; 2028 жыл – 11,0; 2029 жыл – 10,9)*;
- 2028 жылға қарай нәресте өлімінің деңгейін 1 000 тірі туған балаға шаққанда 6,9-ға дейін төмендету *(2026 жыл – 7,3; 2027 жыл – 7,2; 2028 жыл – 6,9)*;

Источник оперативных данных по экономическим показателям — https://stat.gov.kz.

- 2029 жылға қарай қатерлі ісіктерден болатын өлім-жітім көрсеткішін 100 мың халыққа шаққанда 84,0-ге дейін төмендету *(2027 жыл – 84,3; 2028 жыл – 84,2; 2029 жыл – 84,0)* жоспарлануда.

Сондай-ақ қатерлі ісіктерді ерте диагностикалау көрсеткішінің *(0–I сатылары)* оң серпіні болжануда – 2026 жылғы 33,7%-дан 2028 жылы 33,9%-ға дейін.

Болжамды кезеңде «ҚН Оңалту орталығы» балалар оңалту орталығының жобасын іске асыруды аяқтау және оның жобалық қуатына шығуын қамтамасыз ету жоспарлануда.

Балаларға паллиативтік көмек көрсетудің заманауи жүйесін, оның ішінде тәулік бойы мамандандырылған медициналық көмекті, отбасыларға психологиялық қолдау көрсетуді, ата-аналарды күтім жасау дағдыларына үйретуді және емдеу мен оңалтуға пәнаралық тәсілді көздейтін «AMAN SAYA» үлгілік балалар паллиативтік орталығын салу жобасын іске асыру жалғасады.

Денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамыту жалғасады. Ауылдық елді мекендерде, оның ішінде Бұқар жырау ауданындағы Ботақара ауылында және Осакаров ауданындағы Қарағайлы ауылында фельдшерлік-акушерлік пункттер салу көзделген.

Денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамыту шеңберінде 2029 жылға дейін ірі инвестициялық жобаларды іске асыру жалғасады, оның ішінде Қарағанды қаласында позитрондық-эмиссиялық және бір фотонды-эмиссиялық компьютерлік томография орталығын (ПЭТ/ОФЭКТ) салу, облыстық онкологиялық орталықтың операциялық-реанимациялық корпусын салуды аяқтау, профессор Х.Ж. Макажанов атындағы көпбейінді ауруханаға жапсаржай салу, «Қарағанды медицина университеті» КЕАҚ жанындағы 300 төсек-орындық университеттік клиникалық аурухана және 200 төсек-орындық жаңа перинаталдық орталық салу жобалары бар. Аталған жобаларды іске асыру облыс халқы үшін жоғары технологиялық медициналық көмектің қолжетімділігін және мамандандырылған медициналық қызметтердің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Дене шынықтыру және спорт саласында мынадай көрсеткіштерге қол жеткізу жоспарлануда:

- дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысатын азаматтардың үлесін 2027 жылы 43%-ға, 2028 жылы – 45%-ға және 2029 жылы – 48%-ға дейін ұлғайту;
- ұлттық спорт түрлерімен айналысатын халықтың үлесін тиісінше 8,6%-ға, 8,9%-ға және 9,1%-ға дейін ұлғайту;
- адаптивті дене шынықтырумен және спортпен айналысатын азаматтардың үлесін тиісінше 21%-ға, 21%-ға және 22%-ға дейін ұлғайту;
- 3 жастан 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерді дене шынықтырумен және спортпен айналысуға қамтуды тиісінше 31%-ға, 32%-ға және 33%-ға дейін ұлғайту;
- халықтың спорт инфрақұрылымымен қамтамасыз етілу деңгейін

тиісінше 72,0%-ға, 72,9%-ға және 73%-ға дейін арттыру.

Спорт инфрақұрылымын одан әрі дамыту мақсатында 2026–2029 жылдары мынадай объектілердің құрылысын аяқтау жоспарлануда:

- Бұқар жырау ауданындағы Көшөкы ауылындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешімі *(ДШСК)*;
- Шет ауданындағы Ақсу-Аюлы ауылындағы жүзу бассейні;
- Қарқаралы ауданындағы Қарағайлы кентіндегі дене шынықтыру-сауықтыру кешімі *(ДШСК)*;
- Қарағанды қаласындағы «Шахтер» футбол академиясы;
- Қарағанды қаласындағы спорт кешені.

Облыстың туристік әлеуетін дамыту мақсатында жаңа туристік инфрақұрылым объектілерін құруды, сондай-ақ жол бойындағы сервис желісін дамытуды көздейтін 30 инвестициялық жобадан тұратын пул қалыптастырылды. Жоспарланған іс-шараларды іске асыру өңірдің туристік тартымдылығын арттыруға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының 2023–2029 жылдарға арналған туристік саласын дамыту тұжырымдамасына сәйкес 2029 жылға қарай ішкі туристік ағынды 542 мың адамға дейін, ал келуші туристер санын 61 мың адамға дейін ұлғайту болжануда.

Қарағанды облысының 2027–2029 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамының параметрлері Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларында қойылған міндеттерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 30 шілдедегі №611 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарының ережелерін ескере отырып айқындалды.

Бұл ретте негізгі мақсат өзгеріссіз қалады – азаматтардың әл-ауқатының сапалы әрі инклюзивті өсуін қамтамасыз ету.

Жалпы, облыстың 2027–2029 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің болжамы 3-қосымшада ұсынылған.

6. Облыстың 2027–2029 жылдарға арналған бюджет параметрлерінің болжамы, облыс бюджетінің түсімдері мен шығыстарының болжамын қамтиды *(аудандар (облыстық маңызы бар қалалар), аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бөлінісінде) (Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 3-нысан бойынша)*.

6.1 Қарағанды облысының 2027–2029 жылдарға арналған бюджет параметрлерінің болжамы

Қазақстан Республикасы экономикасы дамуының болжамды сыртқы жағдайларын және 2027–2029 жылдарға арналған макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамын ескере отырып, облыс бюджетінің кірістері *(трансферттерді есепке алмағанда)* болжам бойынша 2027 жылғы 467,9 млрд теңгеден 2029 жылы 909,8 млрд теңгеге дейін өседі.

Облыс бюджетінің кірістері болжамы, млрд теңге

№ р/с	Көрсеткіштердің атауы	2027 жылға арналған болжам		Ауытқу
		Болжам		
		2026–2028 жылдарға	2027–2029 жылдарға	
1	*2*	*3*	*4*	*5*
1.	**Түсімдер**	**927,4**	**902,7**	**-24,7**
	ЖӨӨ-ге %-бен	*7,5*	*7,3*	*-0,2*
1.1.	**Кірістер** *(трансферттерді есепке алмағанда)*	**492,6**	**467,9**	**-24,7**
	ЖӨӨ-ге %-бен	*4,0*	*3,8*	*-0,2*
	Салықтық түсімдер	453,5	428,7	-25
	Салықтық емес түсімдер	4,0	5,0	1
	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	3,0	5,9	3
	Арнайы түсімдер	32,1	28,3	-4
1.2.	**Трансферттер түсімдері**	**419,9**	**419,9**	**0**
	Субвенциялар	419,9	419,9	0,0
1.3	Бюджеттік кредиттерді өтеу	14,9	14,9	0
2.	**Шығыстар**	**927,4**	**902,7**	**-24,7**
	ЖӨӨ-ге %-бен	*7,5*	*7,3*	*-0,2*
3.	**Дефицит**	**-14,9**	**-14,9**	**0**
	ЖӨӨ-ге %-бен	*7,3*	*7,1*	*0,0*

Бюджет параметрлері 2027–2029 жылдарға арналған кезеңге бюджет қағидаларын сақтау, нысаналы бағдарларға қол жеткізу және бюджет шығыстарын өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттарына шоғырландыру ескеріле отырып айқындалды.

Жергілікті бюджеттің теңгерімділігін қамтамасыз ету бойынша қабылданып жатқан шараларды ескере отырып, меншікті қаражаттың үлесі 2027 жылы 52% деңгейінде болжанып, 2029 жылы 59%-ға дейін ұлғаяды.

Бюджет кодексіне сәйкес жоспарлы кезеңде жергілікті бюджет шығыстарының өсу қарқыны инфляция бойынша нысаналы бағдарға ұлғайтылған ұзақ мерзімді экономикалық өсу деңгейімен шектеледі.

Осыны ескере отырып, облыс бюджетінің шығыстары абсолюттік мәнде 2027 жылы – 902,7 млрд теңге, 2028 жылы – 902 млрд теңге, 2029 жылы – 909,8 млрд теңге көлемінде жоспарлануда. Орта мерзімді кезеңде ЖӨӨ-ге қатысты орташа есеппен 6,7% деңгейінде қалыптасады.

6.2. Бюджетаралық қатынастар

Бюджетаралық қатынастар мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы функциялар мен өкілеттіктердің аражігін нақты ажыратуға, түсімдер мен шығыстарды бюджет деңгейлері арасында бірыңғай бөлуге, сондай-ақ жалпы сипаттағы трансферттерді айқындау әдістерінің бірізділігі мен ашықтығына негізделеді.

Бюджетаралық қатынастар облыстық бюджет пен аудандардың *(облыстық маңызы бар қалалардың)* бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы

трансферттерге *(субвенциялар мен бюджеттік алып қоюлар)* негізделеді. Алдағы үш жылдық кезеңде жалпы сипаттағы трансферттердің тұрақтылығы сақталатын болады. Аудан *(облыстық маңызы бар қала)* деңгейінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес төртінші деңгейдегі бюджеттерге берілетін бюджеттік субвенциялардың көлемі жыл сайын бекітіледі.

6.3. Облыс бюджетінің 2027–2029 жылдарға арналған шығыстарының басымдықтары

Бюджет шығыстарының бірінші кезектегі бағыттары мемлекеттік әлеуметтік міндеттемелерді толық көлемде орындау, білім беру мен медицинаға қолдауды күшейту арқылы адами капиталды дамыту болып қала береді.

Халықтың өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын арттыру мақсатында:

- АӨК-ті дамыту және оның тиімділігін арттыру, сондай-ақ ШОК-ты қолдау;
- тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық пен су, газ және жылумен жабдықтау инфрақұрылымын жаңғырту, сондай-ақ тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру;
- транзиттік әлеуетті дамыту, оның ішінде өңірлік көлік инфрақұрылымын жаңғырту;
- Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізу;
- экономика салаларын технологиялық жаңғырту және цифрландыру үшін жағдай жасау;
- облыс аумағында құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету;
- теңгерімді аумақтық даму жалғастырылатын болады.

6.4. Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының басымдықтарын іске асыруға бағытталған шығыстардың жаңа бастамалары

Шығыстардың жаңа бастамалары неғұрлым жоғары әлеуметтік-экономикалық тиімділікті қамтамасыз ету және экономикалық дамудың жалпы стратегиясына сәйкестік жағдайында, белгіленген бюджет қағидаларын және бұрын қабылданған шешімдердің сабақтастығын сақтай отырып қолдау табады.

6.5. 2027–2029 жылдарға арналған бюджеттік инвестициялық саясаттың негізгі басымдықтары *(оның ішінде бюджеттік инвестициялар)*

Бюджеттік инвестициялық саясаттың негізгі бағыты Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында белгіленген мақсаттар мен міндеттерді және Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру болып табылады.

Бюджеттік инвестициялар үшін халықтың базалық қызметтерге тең қолжетімділігін қамтамасыз ету, тұрғын үй-коммуналдық жағдайларды жақсарту және халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету, көліктік байланыстылықты және облыстың көлік-транзиттік әлеуетін арттыру есебінен азаматтарға қолайлы өмір сүру ортасын қалыптастыруды көздейтін салалар басым бағыттар болады.

Осыған байланысты халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын жақсарту мақсатында сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту, ТКШ мен тұрғын үй қорын жаңғырту, сондай-ақ өңірдің көлік-логистикалық кешенін дамыту жобаларын іске асыру жалғастырылатын болады.

Бюджеттік инвестициялардың басым бағыттары:

1. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жүйесін дамыту және жаңғырту: су, газ және жылумен жабдықтау желілерін дамыту; индустриялық-инновациялық және көлік инфрақұрылымын дамыту.

Халықтың сапалы ауыз сумен, су бұру және жылумен жабдықтау қызметтерімен қамтамасыз етілу деңгейін арттыру, газ тасымалдау инфрақұрылымын жаңғырту және кеңейту, сондай-ақ жергілікті автомобиль жолдары желісінің техникалық жай-күйін жақсарту жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру.

2. Тұрғын үймен қамтамасыз ету.

Тұрғын үй жағдайларын жақсарту және халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік қолдау шараларының атаулылығын арттыруға бағытталған іс-шараларды қаржыландыру.

3. Әлеуметтік саланы жаңғырту.

Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт және жұмыспен қамту салаларындағы жобаларды іске асыруға бағытталған іс-шараларды қаржыландыру.

4. Облыс аумағында құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету.

Құқық бұзушылықтардың профилактикасы, құқық қорғау органдарының материалдық-техникалық базасын нығайту, бейнебақылау жүйелерін дамыту және қоғамдық қауіпсіздік деңгейін арттыру жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруға бағытталады.

Осылайша, нақты көлем индекстерінің болжамды мәндерден жекелеген ауытқуларына қарамастан, жалпы сала бойынша өндіріс көлемдерінің өсуімен, инвестициялық жобалардың іске асырылуымен және өндірістік әлеуеттің кеңеюімен расталатын оң серпін сақталуда.